

## Көктемгі - дала жұмыстарының қолайлы мерзімдері туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 24 мамырдағы N 258/3 қаулысы. Павлодар облысы Ертіс ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 03 маусымда N 12-7-121 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 25 тамыздағы N 374/5 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2011.08.25 N 374/5 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 5) тармақшасына, 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" N 221 Қаулысына сәйкес, "Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы Ертіс ауданы бойынша субсидияланатын басымды ауыл шаруашылығы дақылдар түрлері бойынша көктемгі-дала жұмыстарын өткізуге қолайлы мерзімдері келесі тәртіпте бекітілсін:

- |                 |                               |
|-----------------|-------------------------------|
| 1) жаздық бидай | 15 мамырдан 31 мамырға дейін; |
| 2) арпа         | 25 мамырдан 5 маусымға дейін; |
| 3) сұлы         | 28 мамырдан 31 мамырға дейін; |
| 4) қарақұмық    | 30 мамырдан 5 маусымға дейін; |
| 5) тары         | 28 мамырдан 5 маусымға дейін; |
| 6) күнбағыс     | 5 мамырдан 20 мамырға дейін;  |
| 7) күздік бидай | 20 тамыздан 25 тамызға дейін. |

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Ф.Сәрсембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, ал 1 тармақтың 1)-7) тармақшалары онда көрсетілген мерзімдерде қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*В. Левченко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК